

## ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ ТАЛДАУЫ

\*Абдуразов Б.Б.<sup>1</sup>, Муминов Н.А.<sup>2</sup>, Арынбаева Д.Ж.<sup>3</sup>, Турекулова Ж.Е.<sup>4</sup>

<sup>\*1</sup> М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,  
Шымкент, Қазақстан

<sup>2</sup> Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>3</sup> Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық  
университеті, Шымкент, Қазақстан

<sup>4</sup> М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,  
Шымкент, Қазақстан

**Аңдатпа.** Саяси ғылымдар және халықаралық қатынастар бағытында, ұлттық мүдде өткір дискуссиялық мәселеге айналып отыр және ғылыми әдебиеттерде тақырыпқа қатысты түрлі аспектідегі теориялар ұсынылып отыр. Осы ретте, қазіргі кездегі әлемдік тәртіп жағдайында, ұлттық мүдделерге қатысты теорияларға талдау жасау арқылы, тұжырымдар жасау өзектілігімен айрықшалаанады. Ұсынылып отырған мақалада ұлттық мүдделердің туындау және қалыптасу барысының теориялық-методологиялық аспектілері зерттеледі. Ұлттық мүдделер – мемлекеттердің ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттары мен оларды жүзеге асыруға бағытталған іс-әрекеттері ретінде анықталады. Мақаланың мақсаты – ұлттық мүдделердің қалыптасу үрдістерін, қамтамасыз ету бағыттарын айқындау. Осы мақсатқа жету үшін авторлар ұлттық мүдделердің анықтамасын, олардың маңызын және түрлеріне талдау жасайды, қалыптасуына ықпал ететін факторларды анықтайды, негізгі теориялық және методологиялық тәсілдерді қарастырады, ұлттық мүдделерді жүзеге асыру механизмдерін зерттейді және олардың даму үрдістерін зерделейді. Мақалада ұсынылған гипотезалар ұлттық мүдделердің объективті және субъективті факторлардың өзара әрекеттесуіне, мемлекеттің экономикалық, саяси және әлеуметтік жағдайларына тәуелді екенін көрсетеді. Ұлттық мүдделердің жүзеге асырылуы мен дамуы мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатындағы стратегиялық жоспарлар арқылы анықталады. Ұлттық мүдделердің дамуы мен өзгеруі ғаламдық және аймақтық саяси жағдайларға байланысты динамикалық процесс болып табылады. Бұл зерттеу ұлттық мүдделердің қалыптасу процесін кешенді түрде түсінуге және оларды жүзеге асыруда тиімді әдістерді анықтауға бағытталған. Сонымен қатар, мақалада ұлттық мүдделердің дамуындағы қиындықтар мен оларды шешудің мүмкін жолдары талқыланады. Зерттеу нәтижелері ұлттық мүдделерді анықтауда және оларды жүзеге асыруда практикалық ұсыныстар жасауға негіз болады.

**Тірек сөздер:** ұлттық мүдде, мемлекет, халықаралық қатынас, саяси реализм, теориялық тәсілдер, зерттеу әдістері, сыртқы саясат, жаһандық жағдайлар

### Кіріспе

«Ұлттық мүдде» ұғымы мемлекеттің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуде және бүгінгі кездегі жаһандық интеграциялық процестердің барынша жанданған дәуірінде мемлекеттердің егемендігі мен тұтастығын сақтауда негізгі болып табылатын маңызды концепция. «Ұлттық мүдде» терминіне байланысты анықтамалар мен айқындаулардың бірізді емес екенін, соған байланысты зерттеушілердің түрлі бағыттары мен көзқарастарына орай әртүрлі түсіндірілетінін айтып кету орынды болмақ. Халықаралық қатынастар

жүйесіндегі маңызды концепция ретіндегі «Ұлттық мүдде» саяси – экономикалық мүдделерді, қауіпсіздік аспектілерін идеологиялық- мәдени мүдделерін және елдің басқа да өмірлік маңызы бар мүдделерін қамтитын ауқымды ұғым.

Ұлттық мүдделер негізінен алғанда геосаяси және геоэкономикалық көрсеткіштерге және мемлекеттің ресурстық мүмкіндіктеріне орай жіктеледі. Ұлттық мүдделердің мазмұны ғана емес, оларды ілгерілету әдістері де, олардың қалыптасу формасы да өзіндік ұлттық ерекшеліктерге ие болуы мүмкін. Ұлттық мүдделердің жүзеге асырылуы мемлекеттің ішкі саясатында да, сыртқы саясатында да көрініс табады. Көп жағдайда мемлекеттің сыртқы саясатының тиімді және табысты болуы нақты айқындалған ұлттық мүдделерінің болуымен және оларды жүзеге асырудың тәсілдері нақты болуымен тікелей байланысты болады. Ұлттық мүдделер мен олардың өнімі болып көрініс табатын мемлекет арасындағы байланыс уақыт өте келе жойылуы мүмкін екенін, әлемде кеңінен орын алған қазіргі заманғы үлгідегі ұлттық мемлекеттерден құралатын дүниенің келбеті өзгеруі, мұның орнына мемлекеттер одақтарымен немесе басқа құрылымдармен алмастыруға болатындығын болжамдау саяси реализм бағытындағы көзқарастардың бірі болып табылады. Қазіргі замандағы жаһандану барысы белең алған және түрлі бағыттағы және деңгейдегі интеграциялық процестер барынша тығыздалған уақыттарда ұлттық мүдделерді айқындау және жүзеге асыру күрделі мәселе болып табылады.

Қазіргі қалыптасқан әлемдік тәртіп, жаһандық ауқымдағы өзара тәуелділікпен, мемлекеттер арасында саяси және экономикалық тұрғыда тығыз байланыстың орнауымен, интеграциялық байланыстардың артуымен және әлемдік саясаттағы трансұлттық топтардың белсенділігімен ерекшеленеді. Бұл мәселенің позитивті тұстары басым болғанымен, соңғы кездегі саяси оқиғалардың талдауы көрсетіп отырғанындай, түрлі қайшылықтарды да тудырып отырған үрдіс. Осы ретте, мемлекеттер үшін қарқынды түрде өзгеріп отырған халықаралық саясаттың бағытына орай бейімделе отырып, өз ұлттық мүддесін сақтап қалып, алға жылжыту мәселесінің маңызы артып келеді және ұлттық мүдде мәселесін ғылыми түрде зерттеу өзектілігін жоғалтпайтын негізгі ғылыми – тәжірибелік бағытқа айналып отыр. Жаһандық кезеңде ұлттық мүдденің қажеттелігі бар ма? Жаңа әлемдік тәртіптегі ұлттық мүдденің маңызы қандай болмақ? деген мәселелер төңірегінде барабар жауаптар іздестіру ғылыми қауымдастықтың басты міндеті болып табылады.

Бастапқыда, Батыс елдері зерттеушілері тарапынан саяси терминологияға енгізілген ұлттық мүдде тұжырымдамасы, халықаралық қатынастар саласында және сыртқы саяси тәжірибеде кеңінен қолданылып отырған бағыт. Дегенмен, зерттеушілер арасында ұлттық мүдде ұғымына қатысты анықтамалар мен тұжырымдарды қалыптастыруда пікірталастар толық аяқталмаған дүние, сондықтан, теориялық тұрғыдан мәселені қайта қарастыру арқылы, талдау жасау, ұсыныстар әзірлеу өміршең ғылыми бағыт болып табылады.

Мақаланың негізгі мақсаты – ұлттық мүдде тұжырымдарына қатысты іргелі зерттеулерге талдау жасау арқылы, мәселенің теориялық-методологиялық аспектілерін зерделеу болып табылады.

### **Материалдар мен әдістерді сипаттау**

Мақалада қолданылған тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы, ұлттық мүдде ұғымының түрлі халықаралық қатынастар жүйесіндегі қолданылуы, оның қазіргі таңда өзгеріске ұшырауы қарастырылады. Жүйелі талдау әдісі арқылы мәселенің теориялық –әдіснамалық негіздері айқындалады.

Ұлттық мүдделердің концептілік тұжырымдары Моргентаудың (Hans J. Morgenthau) «*Ұлттық мүддені қорғау: Американың сыртқы саясатын сын тұрғысынан қарастыру*» (*In Defense of the National Interest: A Critical Examination of American Foreign Policy*) еңбегінде егжей-тегжейлі қарастырылып, құрылымдалады. Моргентау бойынша: «Саяси реализм билік тұрғысынан түсінілетін мүдде тұжырымдамасын біржола орныққан және өзгеріске келмейтін деп емес, қалыптасқан жағдайға байланысты және тәуелді деп санайды» [1]. Яғни, жағдайлардың нақтылы өмір шындығында және саяси конъюктураларға орай құбылуына байланысты мүдделер де құбылып, өзгеріп отырады деген сөз. Саяси реализмнің бұл қағидасы ұлттық мүдделердің динамикалы табиғатын түсінумен байланыстырылады.

Тарихи жағдайларға байланысты да мүдделер өзгеруі мүмкін. М.Вебердің айқындауына орай, әлеуметтік іс-әрекеттің түрін идеялар емес, материалдық және идеалды мүдделер анықтайды [2, 85 б.]. Саяси әрекеттерді анықтайтын мүдделердің өзара айырым белгілері мен сипаттарына ие түрлері нақтылы тарихи кезеңде - белгілі бір саяси және мәдени контексте қалыптасады.

Гарвард университетінің Кеннеди атындағы мемлекеттік басқару мектебінің профессоры Д.А.Франклидің айтуынша, «ұлт түгел бірлесіп сол үшін әрекет етуге лайық деп санайтын ұлттық құндылықтардың жиынтығы» ұлттық мүддені білдіреді [3,65 б.].

Ұлттық мүдделер жайлы ең алғаш жазылған еңбек болып 1934 жылы жарық көрген Чарльз Остин Бердтың «*Ұлттық мүдде идеясы: Американың сыртқы саясатын аналитикалық зерттеу*» («*The Idea of National Interest: An Analytical Study in American Foreign Policy*») кітабы болып саналады. Берд өзінің зерттеулерінде «ұлттық мүдде» ретінде ең алғаш жасалған үндеулердің тарихына үңіледі және олардың XVI ғасырдағы Италияның, XVII ғасырдағы Англияның билік құрылымы тоқырауға ұшырап, билеуші «әулеттің (династияның) мүддесі», «билеушінің мүддесі», «мемлекеттің мүддесі» (*raison d'état*) деген ұғымдар қоғамға өтімсіз болып өзінің маңызын жоя бастаған кезеңдерде саяси дипломатияда орын алып жатқан өзгерістерді нақты білдіруге байланысты қолданысқа алынған термин екенін айтады [4, 6 б.]. Ғалымның көрсетуінше, ұлттық мүдде идеясы мен бүгінгі үлгідегі саяси ассоциациялы ұлттық мемлекеттердің пайда болуы өзара байланысты құбылыстар болып табылады. Сол секілді, XVIII ғасырдың аяқ шенінде АҚШ-тың конституциясын құрылымдауға және қабылдауға негіз болған пікірталастар кезінде барынша танымалдыққа ие болады және бұдан кейінгі

XIX және XX ғасырдың басындағы АҚШ өзінің жүзеге асыратын коммерциялық және аумақтық экспансияларының бәрін де «ұлттық мүддемен» дәйектеуінің негізі қаланады. Келе-келе қоғам арасындағы белгілі топтардың экономикалық-қаржылық мүдделері «ұлттық мүдде» деңгейінде қаралатын жағдай қалыптасады.

Ұлттық мүдде ұғымын жүйелі және сыни тұрғыдан терең талдауға арналған «Халықаралық қатынастар теориясындағы ұлттық мүдде» («*The National Interest in International Relations Theory*») еңбегінде Скотт Берчилл заманауи кезеңдегі халықаралық қатынастарды реалистік, либералдық, құрылымдық (конструктивистік), анархистік, рационалистік (ағылшындық мектеп) теориялары тұрғысынан қарастыра келе, дипломатияда «ұлттық мүдде» кеңінен қолданыс тапқанымен, елдердің сыртқы саясатындағы мотивацияларын айқындауда айтарлықтай күрделі және проблемалы түсінік, «нашар жетекші» екенін айтады [5]. Осы секілді, Раймонд Арон, Джеймс С. Розенау секілді ғалымдар да «ұлттық мүдде» ұғымын «түсініксіз», «нақтылауға келмейтін» санатқа жатады деп қараған.

Салыстырмалы түрде алғанда, ғылыми айналымға «ұлттық мүдде» ұғымы енгеніне көп уақыт бола қойған жоқ. «Оксфорд энциклопедиясына» лайықталып енгізілген 1935 жылдан бастап бұл термин әлеуметтік ғылымдарда ресми түрде қолданыла бастады. Ұғымды жасап шығарушы болып америкалық ғалымдар Ч.Бьерд және Р.Нибул саналады [6, 53 б.].

Ұлттық мүддені фонемндік деңгейде назар аударып қарастыру XX ғасырда, әсіресе оның екінші жартысында жақсы қолға алынды. Бұл мәселені қарастыруда жетекші орынды америкалық ғалымдар мен зерттеушілер иеленді. Ұлттық мүдделерді «күш» ұғымымен байланыстырып қараған бұл көзқарас өкілдері өз пікірлерін дамыта, кеңіте келе халықаралық аренадағы «күштердің тепе-теңдігі» санатын құрылымдады.

АҚШ-та бастау алған теориялық пікірталастар бұл мәселенің танымалдығын арттырды және келесі кезекте пікірталасқа Батыс Еуропа елдерін, оның ішінде Франция, Ұлыбритания, Германияны араластырды. Олардың арасынан әсіресе француздық Р.Арон, Ж.Б.Дюрозел, П.Ренувен, Р.Дебрэ; ағылшындық М.Батлер, Дж.Френкел секілді ғалымдар ерекше көзге түсті. Мәселен, Р.Аронның пікірінше, мемлекет аумағындағы түрлі индивидтер иелік ететін ресурстардың, құралдардың және мақсаттардың әртүрлі және әрдеңгейлі болуы олардың ортақ теңділікте еместігін көрсетеді сәйкесінше «ұлттық мүдде» ұғымын саяси актордың идеалды мақсатындағы немесе амал-әрекетіндегі критерилердің бірі ретінде анализдеуге мүмкіндік бермейді. Ғалымның пікірінше, мемлекеттің сыртқы саясаты оның басшыларының әрекетінен көрініс табады. Мұндайда билеушінің жеке мотивтері мен амбициялы ұмтылыстары үлкен маңызға ие болады, мемлекет лидерлерінің көпшілігі болса өздерінің амал-әрекеттерінің негізінде «ұлттық мүдде жатқан секілді» түр көрсетумен айналысады [7].

Ж.Б.Дюрозелдің пайымдауынша, «мүдде» түсінігі нақты әрі толық айқындауға келе бермейді. Зерттеушінің талабы бойынша, «ұлттық мүдде» ұғымы объективті тұрғыда айқындалмалы болғаны өте дұрыс болар еді.

Мұндайда мемлекет басшылары ұсынып отырған мемлекеттік мүдделерді өзара салыстыру арқылы және «объективті ұлттық мүддеге» сәйкестігі арқылы халықаралық қатынастарды саралап тастау оңайға соғар еді. Бірақ, мәселенің түбіріне келгенде «объективті ұлттық мүддені айқындауға бағытталған зерделеулердің қайсы болса да субъективті болып тұратынын» тұжырымдайды [8].

Либералды бағыттың өкілдері болса сараптау мақсатында «ұлттық мүдде» ұғымын қолданудың, оның ішінде сыртқы саясат критерилерінің қатарында қолданысқа алудың қаншалықты орынды екені жайында өзіндік пайымдар жасаған. Олардың пікірінше халықаралық қатынастарға түсуші тараптардың әрекеттерін ынталандырушы негіз «ұлттық мүдде» емес, «ұлттық бірегейлік» болуы тиіс. Ұлттық бірегейлік тілдің, діни сенімдердің, тарихи және мәдени құндылықтардың ортақтығынан, ұлт тарихына деген біргелікті көзқарас пен жадыдан (память) құралады деп біледі [9].

Либералды-идеалистік парадигмалардың теоретиктері мен олардың идеяларын тәнтілікпен қолданысқа алатын практиктер мүдделердің ұлттық болатынына, егер ол мүдделердің мазмұны моральдық нормаларды және заманауи глобалды проблемаларды қамтып тұратын болса, келісетінін шарт етіп келтіреді. Бірақ, адамгершілік құндылықтарды қорғау мен жаһандық қауіп-қатерлерге қарсы тұру ұлттық шекараның шеңберінен әлдеқайда тыс жататын құбылыстар. Осыдан келіп, бүгінгі таңдағы демократиялық мемлекеттердің алдында тұрған басты міндет «ұлттық мүдделерді» қорғау емес, моралдық принциптердің сақталуын, адам құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету деген мәндегі баяндамалар жасалады [10].

### **Нәтижелері**

Ұлтты мемлекеттік егемендіктің иесі деп тану және биліктің қайнар көзі деп жариялау «ұлттық мүдделер» деп аталатын ұғымның қалыптасуының алғышарттарын анықтады. «Ұлттық мүдде» дегенде «қоғамның объективті қажеттіліктерін мемлекеттің субъективті сезіну санаты» түсініледі. Бұл модельдің мәні бойынша қоғам белгілі бір мүдделерді (сұраныстар, қажеттіліктер) қалыптастырады және бұл мүдделер халық билігінің жүзеге асуының көрінісі есебінде мемлекеттік қызмет пен әрекетке айналады.

Ұлт - этностың дамыған индустриалды және азаматтық қоғамдық кезеңіне өтуі барысында туындаған құбылыс. Ұлт мәдени-этникалық топтасудан гөрі саяси топтасу белгілеріне жақын. Ұлт – «толықтай мобилдендірілген және институттандырылған этникалық топ». Кей ұлттар этникалық топ (этникалық ұлттылық) болып қалыптасса, енді бір ұлттар азаматтық негізінде топтасады (азаматтық ұлттылық).

Ұлттық мүдде ұғымы ғылыми тұрғыда әлі де зерделену барысында екеніне, толыққанды айқындалып және белгіленіп болмағанына қарамастан мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясаттарындағы, халықаралық қатынастарындағы әрекеттерін сипаттауға, түсіндіруге, болжамдауға, негіздеуге қатысты басты бағдар болып келеді. Мемлекет басшылары

өздерінің іс-әрекеттері мен шешімдерін «ұлттық мүддені жүзеге асыру, сақтау және қорғау» мақсатында жасауда екенін айтып негіздейді.

Кейде ұлттық мүдделер түсінігі ішкі саяси мақсаттармен байланысты қолданылады. Бұл жағдайда бұл терминді түсіндіруде әртүрлі тәсілдер қолданысқа алынады. «Ұлттық мүдде» терминінің өзі мемлекеттің нақты ұлттық мүдделердің символы ретіндегі рөлін көрсетеді. Кейбір зерттеушілер ұлттық мүдделерді мемлекеттің халықаралық жүйедегі орнымен объективті түрде анықталады және мемлекеттің тарихы мен қазіргі күнін зерттеу барысында ашылады деп есептейді. Енді біреулері ұлттық мүдделерді үкімет субъективті түрде айқындайды деп санайды. Бұл жағдайда «ұлттық мүдде» ұғымы белгілі бір саясаткердің осы ұғымға енгізетін мәніне байланысты түсініледі.

Ұлттық мүдделерді жалпы алып жинақтап айтқанда мемлекеттің объективті маңызға ие мақсаттары мен міндеттерінің жиынтығы деп тұжырымдауға болады және осы тұрғыдан келгенде ұлттық мүдделер саяси мүдделердің санатына жатады.

Заманауи мемлекет үлгілері «ұлттық мемлекет» ұғымына сиятын ұжымдасудан әлдеқайда күрделі екені сөзсіз. Қазіргі кездегі «ұлттық мемлекет» сипатына ие елдердің құрамында сандаған этникалық топтардың өкілдері өмір сүретінін, олардың әрбірінің өзіндік талаптары мен тілектері, мүдделері болатынын ескергенде, бір ғана ұлттық топтан құралатын және мүдделері басым жағдайда ортақ болып келетін моноэтносты мәндегі «ұлттық мемлекет» ұғымы өзіндік ерекшеліктерге ие екені және нақтылы өмір жағдайындағы мемлекеттің ұлттық мүдделерінің кеңдік аясына әсер ететіні байқалады. Сонымен қатар, мемлекеттің мүдделерінің бәрін бірдей ұлттың мүддесіне санай беруге де болмайды. Мысалы, еркін сауда туралы келісімдер экономикалық жағдайды нығайту жағынан мемлекеттің мүддесіне сай келгенімен, шетелдік компаниялармен бәсекелестіктің артуына байланысты мүдделері нұқсанға ұшырайтын отандық өндірушілерге кері әсерлі болуы мүмкін. Осындай тұстарда мемлекеттік мүдде мен ұлттық мүдде ұғымдары бетпе-бет келетін сәттері болады.

С.Берчилл белгілі бір аумақта және сол аумақты мекендейтін адамдарға қатысты үстемдік етуші билікке ие мемлекет, мемлекеттік пайда болған кезеңнен бастап «мемлекеттік мүдде» ұғымы пайда болғанын тілге тиек етеді. Рас, мемлекеттілік түсініктің ерте кезеңдерінде «мемлекеттік мүдде» ұғымы биліктегі топтың мүдделерімен бір немесе барынша сәйкес болып, қазіргі тілмен айтқанда «корпоративті мүдде» ретінде көрініс тауып отырды. Мұндай жағдайға ұмтылушылық биліктегі кейбір топтар мен тұлғалардың тарапынан бүгіндері де көрініс беріп қалатыны ойланарлық жағдай болып табылады.

Мемлекеттік ұлттық мүдделер деп біріктіріп айтқанда ұғынатымыз - бұл мемлекеттің жария ететін, құқықтық құжаттармен бекітілетін және құқықтық механизмдерді қолдана отырып белгіленген мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар арқылы қорғауға алынатын ұлттық мүдделер болып табылады. Мемлекеттік мүдде мемлекет қарамағындағы өкілдік арналары мен байланыс жүйелері арқылы қоғамдық мүдделерді басты назарға ала отырып мемлекеттік

басқару жүйесінің өміршеңдігіне байланысты өзекті мәселелермен айналысуы арқылы айқындалады. Мәселен, денсаулық сақтау саласындағы мемлекет мүддесі денсаулық сақтау жүйесін жақсарту болуы мүмкін. Бұл қоғамның саулығын сақтауды өмір сүру сапасын артруды қамтамасыз ету атқарылуы тиіс өзекті мәселе. Бұл мәселеге байланысты ұлт мүддесін сақтау барысы таңдауға ерік беру, сауалнамалар өткізу, азаматтық бастамаларды қолдау арқылы көрініс табуы мүмкін және осы шаралар арқылы нақты мәселе бойынша шешім қабылдау барысына халықтың әртүрлі топтарының пікірлерін ескеруге мүмкіндік жасалғаны тұжырымдалады. Кей зерттеушілердің пікіріне орай, мүдделердің мемлекеттік және ұлттық түрлерінің арақатынасының көрінісі мемлекет пен ұлт ұғымдарының арақатынасы секілді - етене жақын және бір-бірінен ажыратқысыз тұтас болып табылады [11, 127 б.]. Ұлттық мүдде мәдени тіл құндылығын, мәдени мұраларды сақтауды көздеуі мүмкін және бұл мүдделерді мәдени шараларды қаржыландыру, білім беру бағдарламаларын қалыптастыру арқылы мемлекет те қолдайды, осы арқылы ұлттық мүдде мен мемлекеттік мүдде бір нүктеде түйіскен саналады. Өз кезегінде мемлекет қаржылық және заңнамалық қолдауды қамтамасыз ете отырып бұл мүдделерді жүзеге асырудың құралы ретінде әрекеттеседі.

Ұлттық мүдделердің мәні, ең алдымен, мемлекет ішінде сонымен қатар оның сыртында қалыптасуы мүмкін болған және азаматтар мен қоғамның дамуы мен өмірлік қажеттіліктерін жүзеге асыруларына кедергі келтіретін кез-келген деструктивті құбылыстарға қарсы тұру және олардың алдын-алу ретінде де көрініс береді. Мемлекеттік мүдделерді қоғамның саналы түрде айқындаған объективті сұраныстарына орай қалыптасатын ұлттық мүдделер жиынтығының теңгерімділігі мен онымен мәдени-тарихи ерекшеліктеріне орай тығыз байланысты болатын мемлекеттік биліктің тәуелділігінің арасындағы байланыс деп түсіну де ұсынылады. Яғни, мемлекеттік мүдделер ұлттық мүдделерді де қамтиды және бөлек қалыпта мемлекеттік билік мүдделерін де ескереді деген сөз.

Негізі, «мемлекеттік мүдде» категориясын түсінуде бірауызды келісілген тұжырым қалыптаспаған деуге болады, соған орай бір қарағанда ұғынықты секілді көрінетін термин әр жолы әртүрлі айқындалып жатады. Сол секілді, мемлекеттік мүдделер мен ұлттық мүдделердің сәйкестігіне қатысты да қалыптасқан ортақ ұстаным жоқ екенін, әртүрлі саяси және академиялық орталарда бұл ұғымдарды анықтау мен түсіндірудің әртүрлі тәсілдері қолданылып келе жатқанын айта кету керек.

Кейбір зерттеушілер мен саясаткерлер мемлекет өз халқының қажеттіліктерін қанағаттандыру және құқықтарын қорғау үшін құрылатын билік институты болғандықтан мемлекеттік мүдделер ұлттың мүдделерін әрі қамтып, әрі білдіріп тұруы керек деп санайды. Екінші жағынан, мемлекеттік мүдделер мемлекеттің тұрақтылығын, оның экономикалық өсуін, қауіпсіздігін және халықаралық ықпалын қамтамасыз ету сияқты мақсаттардың кең ауқымына басым мән беруі тиіс деген де пікірлер бар. Бірақ, бұл басымдықтар әрдайым ұлттың өмірлік қажеттіліктерімен не мерзімі жағынан, не бағыты

жағынан, не мазмұны жағынан, не мүдделігі жағынан тікелей сәйкес келе бермеуі мүмкін. Мысалы, мемлекеттің халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға немесе тиімді сауда келісімдерін жасауға мүдделігі қоғам тарапынан әрдайым қолдауға ие бола бермейтін немесе ел ішіндегі жекелеген әлеуметтік топтардың мүдделеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдауды, шараларды жүзеге асыруды талап етуі мүмкін. Сондай-ақ, елдердің өзара тәуелділігін арттырып отырған жаһандану үдерісі жағдайында мемлекет Халықаралық ұйымдарға қатысуға және халықаралық шарттардан туындайтын міндеттемелерді орындауға мүдделі болуы мүмкін, бірақ бұл да әрқашан және әржолы ұлттық мүдделермен тікелей сәйкесімді бола бермеуі мүмкін.

Осылайша, мемлекеттік мүдделер категориясы саяси контекстке ішкі және сыртқы сын-қатерлерге, сондай-ақ белгілі бір мемлекеттің тарихи және мәдени ерекшеліктеріне байланысты көптеген факторларға тәуелді көп қырлы және серпінді-динамикалы құбылыс болып табылады. Мемлекеттік мүдделерді түсінуге, оларды тәжірибе жүзінде іске асыруға байланысты көзқарастар мен тәсілдердің түрлі болуы бұл терминді нақты айқындау мен тәжірибеде қолдануды айтарлықтай қиын ете түседі.

Идеалды жағдайда қарастырғанда ұлттық мүдделер мен мемлекеттік мүдделер арасында сәйкестік барынша тығыз болуы керектігі айдан анық. Мәселен, соғыс жағдайында ұлттық мүдделер (Отанды қорғау, мәдениетті сақтау, дәстүрлерді жоғалтпау) мемлекеттік мүдделермен сәйкес келеді (қауіпсіздікті қамтамасыз ету, аумақтық тұтастықты сақтау, т.с.с.). Дей тұрғанмен, олардың тұтасып бірме-бір сәйкесіп кетуі реалды өмір жағдайынан гөрі идеалды модельге көбірек келеді. Мұның мысалы, идеалды болжам бойынша елдің экономикалық өркендеуі барлық азаматтарға бірдей жағымды әсер етуі керек. Алайда, іс жүзінде мемлекеттік шаралар елдегі барлық азаматтарға емес тек белгілі бір әлеуметтік топтарға немесе аймақтарға пайда әкелуі мүмкін. Осыдан келіп мүдделердің сәйкестігі нақтылы өмірдің шындық жағдайларында әртүрлі деңгейлер мен көріністерге ие болатыны байқалады.

Мемлекеттің өзіндік мүдделері, сөзсіз, бар. Дегенмен, оларды нақтылап өту керек. Мемлекет мүдделері ұлттық мүдделермен салыстырғанда келесідей ерекшеліктерге ие:

- мемлекеттік биліктің көрінісі болып табылады. Яғни, мемлекеттік мүдде тікелей мемлекеттік биліктен келіп шығады. Құқықтық қалыпқа түсіп үлгермеген саяси шешімдер мемлекеттік мүдденің, яғни мемлекеттік билікті иеленушілер мен тасымалдаушылардың мүдделерінен туындап жатады. Демократиялық құрылымдағы мемлекеттерге қатысты айтқанда, мемлекет мүдделері жоғары биліктің иесі болып саналатын ұлттың/халықтың мүдделерінің көрінісі ретінде әрдайым айқын бола бермейді, оның орнына өкілетті органдар арқылы қалыптасады немесе солар арқылы құрылымдалады. Басқаша айтқанда, халыққа не керек екенін, ұлттың қай мүддесі басымдыққа ие екенін жоғары билік иесі болып саналатын халық атынан олардың өкілетті органдары болып табылатын мемлекет және оның құрылымдары айқындайды



және қалыптастырады. Демократиялы емес мемлекеттерде мемлекет мүддесі ұлт мүддесімен тіпті де сәйкес келмеуі әбден мүмкін.

- мемлекет мүдделері әрдайым анық, айқын сипатта болады және белгілі нәтижеге жетуді көздейді. Бұл тұрғыдан қарағанда, аумақтық тұтастықты сақтау мәселесі мемлекеттік мүддеден гөрі мемлекеттің қорғанысты қамтамасыз ету функциясына көбірек келеді. Ал, бұл тұста мемлекеттің мүддесі әскери күштердің нақтылы көрсеткіштерге сай болуын және олардың әлеуетті қалпын тиісті талап деңгейінде болуын қамтамасыз ету арқылы көрінеді. Яғни, мемлекет мүддесі өзінің мемлекеттік функциясын атқаруға сай болуды қамтамасыз ету арқылы айқындалады.

- мемлекет мүдделері рәсімделген түрде болады. Мазмұны толық ашыған, айқындалған күйде болмаса да, мемлекет мүдделері жапы мәндегі принциптелген нормалар (заңдар, жарғылар, т.с.с.) түрінде рәсімделеді.

- мемлекет мүдделері серпінді/қозғалысты (динамикалы) болады және өзгеріп отырады. Саяси күштердің ықпалына, саяси ахуалдың және экономикалық жағдайдың құбылуларына, әлемдік қауымдастықтағы және мемлекет аумағындағы айтулы оқиғаларға орай өзгеруі мүмкін. Мәселен, парламенттегі партияның немесе жетекші коалицияның құрамы өзгеруі мемлекет мүдделеріндегі басымдықтардың бағыты өзгеруіне ықпал етуі мүмкін немесе билеуші партияның жетекшісінің ауысуы әлде мемлекет басшының ауысуы мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатындағы мүдделік басымдықтардың ауысуына әкелуі мүмкін. Сол секілді, экономикалық жағдайдың нашарлауы мемлекеттің әлеуметтік салаға басымдық беруіне, түрлі мерекелік және салтанатты шараларды қысқартуға, шетелдік іссапарлар санын шектеуге ықпал ететіні секілді, экономиканың ілгерілуі күрделі инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыруға, ғылым мен білім, денсаулық салаларына қаржының көптеп құйылуына ықпал жасайды. Көрші мемлекеттерде қарулы қақтығыс орын алуы мемлекеттің қауіпсіздігі шараларын күшейтуге, сыртқы саясаттағы басымдықтарын қайта қарауға ықпал етсе, халықаралық ұйымдарға мүшелікке өтуі мемлекеттің экономикалық және сауда-саттық, кедендік саясаттарын қайта қарауға мәжбүрлеуі мүмкін. Осы сияқты сандаған факторлар мемлекет мүддесінің динамикалы қалыпта болуына және өзгерістерге ұшырап отыруына ықпалын тигізеді.

Жоғарыда келтірілген жайлардан «ұлттық мүдде» ұғымына қарағанда «мемлекеттік мүдде» ұғымы әлдеқайда әмбебап және нақты екенін аңғаруға болады. Өйткені, мүдделердің ұлттық сипаты толық күйінде болмаса да тек демократиялық құрылымдағы елдерде айқындала алады. Егер мемлекеттегі ұлттық құрам әртекті болса және олар ортақ бір мүдделер төңірегінде топтасқан болмаса, жалпыұлттық мүдделерді қалыптастыру тіпті қиынға айналады. Сонымен қатар, нақты шешім қабылдаушы субъектілер тек ұлттық мүдделерді ғана көздеп қоймай, жеке өзінің немесе корпоративті мүдделерді де қамдап отыруы мүмкін.

Бүгінгі таңда қалыптасқан дәстүр бойынша мемлекеттік мүдде дегенде оның стратегиялық, саяси, экономикалық, құқықтық, идеологиялық

құрамдары негізге алынып түсініледі, өйткені осы салалардың жалпы жиынтығы біріге келе мемлекеттік мүдені құрайды. Әрине, бұл құрамдардың өзара қатынастық үлесі әрбір тарихи кезеңдердегі жағдайлар мен оқиғаларға орай және әрбір елдің өзіндік даму барысы мен тарихи жолына қарай әртүрлі деңгейде және көлемде болуы мүмкін. Дей тұрғанмен, заманауи мемлекеттік үлгілердің алғашқылары құрылымдала бастаған кезеңдерден бері қарайғы уақыттардағы «мемлекеттік мүдде» ұғымының құрамында осы бағыттар сөзсіз қамтылып отырған. Әлемдегі жетекші елдерде анық, айқын, ұзақ мерзімді және басқарушы элиталардың тарапынан сезіне отырып қалыптастырылған мемлекет мүдделерінің пайда болуымен халықаралық қатынастарда белгілі бір тұрақтылық пен болжамдылық пайда болды. Саралай келгенде, «мемлекеттік мүдде» деп мемлекеттік биліктің әлеуметтік маңызға ие қажеттіліктер мен талаптарын нақтылы уақыт жағдайында жалпы мазмұндағы құқықтық нормалар арқылы мәңделуі екенін айқындай аламыз.

Ілгергі замандардағы ел билеушілері де «ұлттық мүдде» ұғымын тап қазіргі замандағыдай мағынасында болма да, ел шетіне жау тиіп сырттан қауіп-қатер төнген кезде, не болмаса басқа елдерге жорық ұйымдастырар кезде, династиялық некелерді бекітетін кездерде деген секілді мемлекет үшін маңызды тұстарда қоғамды біріктіріп, жұмылдыру мақсатында қолданғаны даусыз. Қазіргі заманда жаһандану үдерістерінің жанданып, белең алған тұсында дәстүрлі түсініктегі ұлттық мүдделер ұғымдылығы өзінің маңыздылығын жойып бара жатқаны жайлы айтатын зертеушілер де аз емес. Осындай көзқарастарды зерделеген ғалымдардың бірі канадалық М.А.Молчанов. Оның айтуынша, «әлеуметтік түрме» болып саналған кеңестік жүйе жеңіліс тауып тарих сахынасынан кеткеннен кейін әлемдену бағыты жеңіске жеткен заманауи жаһандану кезеңінде, оның ішінде капиталдардың жаһандануы дәуірінде батыстық қоғамдарда ұлттық мүдде ұғымы «сәннен қалып» келеді. Өндірістік (*трансұлттық корпорациялар*), қаржылық (*қаржының әлемдегі еркін айналысы*), саясат пен басқару (*халықаралық ұйымдар, келісімдер, сауда режимдері*), оған қоса азаматтық қоғам (*үкіметтік емес халықаралық ұйымдар, ресми емес бірлестіктер*) секілді маңызы үлкен салалардағы жетілген және институтталып қалыптасқан халықаралық және трансұлттық байланыстар мен орнаған қатынастар «ұлт - мемлекет» қалпындағы мемлекеттердің ролі әлсіреуіне әкеліп соғады. Кейбір ТҰК өнімділігі «үшінші әлемдегі» кейбір мемлекеттердің ІЖӨ көлемімен теңеседі және мұндай корпорациялар өз әрекеттерінде ұлттық заңнамаларға емес бизнес өнімділігін басшылыққа алады. Дамуы әлсіз мемлекеттердің ұлттық экономикалары осы секілді бір корпорацияның ықпалына түсіп тәуелденетін болса, онда мұндай мемлекеттің егемендігі де «іскер келімсектердің» еркіне өтіп кепілге айналады деген сөз. Осыдан келіп бизнес мүдделер мен ұлттық мүдделердің етене жақын араласып, біріне-бірі сіңісіп кету барысы жүреді де, ақырында оларды бір-бірінен айырып алу мүмкін болмастай деңгейге жетеді, мұндайда «ұлттық мүдде өзінің ұлттық болмысы мен бет-бейнесінен толығымен айырылады» [12, 20 б.]. Дегенмен, бұдан жаһандану үдерісі ұлттық мүдделерді еш мойындамайды, түгелімен жойылуға

жеткізеді деген секілді пессимистік пікір қалыптаспағаны жөн. Бәсекелестік жағдайындағы мүдделердің түрлілігі мен өзара тоғысуы жалпы деңгейдегі ортақ мүдделіктің болуын жоққа шығармайды.

Батыс Еуропа мен АҚШ-та ұлттық мүдде ұғымы базалық ғылыми санаттардың қатарына енгеніне біраз уақыт болған болса, посткеңестік елдердің қатарында болғандықтан біздің елде ұлттық мүдде ұғымы ХХ ғ. 90-жылдарында, Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағанда ғана толық мәнінде сезіліп, құрылымдала, қалыптаса бастады деуге болады. Бұған дейінгі кеңестік дәуірде ұлт мүддесін «тарихи аумағында орналасқан этникалық қауымның өмірлік қажеттіліктері мен талаптарын жүзеге асыру» мәнінде қазақ ағартушылары мен «Алаш» қайраткерлері өздерінің шығармашылық және саяси бағдарламаларына арқау етті.

Еуропалық ғылыми концепция өндіріп шығарған ұлттық мүдделер тұжырымдамасы ұлттық мемлекеттегі азаматтардың баршасының мүдделерінің жиынтығы ретінде көрініс табады, ал ұлттық қауіпсіздік мәселелері болса азаматтардың жеке бастары мен жеке меншіктерінің мемлекет тарапынан кепілді қорғалуының жүйесі ретінде көрініске енеді. Ұлттық мүдделер мен ұлттық қауіпсіздікті концептуалдау елімізде азаматтық қоғамның қалыптасуы барысымен және қоғамның демократиялануы үдерістерімен бірге қатар жүріп ұлттық менталитетке сәйкесетін өзіндік ерекшеліктерге ие бола отырып жүзеге асып келеді.

Ұлттық мүдде ұғымына байланысты болып жатқан пікірталастар мен көзқарастар ағынын анализдей келгенде батыстық зерттеушілердің методикаларына сүйене отырып «ұлттық мүдде» ұғымының мәні мен оны қолданудың орындылығына қатысты негізгі екі қатынастың байқалатынын айта аламыз. Оның бірі реалистік қатынас болса, екіншісі - либералдық (идеалистік) қатынас.

Реализм көзқарасын ұстанушылардың пікірлеріне қарағанда, ұлттық мүдде әлемдегі барлық мемлекеттердің базалық қажеттілігі және өзгермейтін санаты болып қала береді. Ұлттық мүддені ескерусіз қалдыру жай ғана қателік болмас еді, бәлкі аса қатерлі қателік болып табылар еді. Басқаша айтқанда, ұлттық мүдде әлемдегі мемлекет атаулының барлығының негізгі ұстанымы болып табылады сондықтан ол азаматтардың мүдделерінің жиынтығы болып қарала алмайды. Өйткені, ұлттық мүдде экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, геосаяси секілді сандаған объективті факторларды ескеріп құрылымдалады.

Либералды бағыттың өкілдерінің тұжырымдауынша ұлттық мүдде саяси ықпал жасау немесе әскери артықшылықтарға ие болу емес, экономикалық әлауқаттың жақсы болуын көздейтін пайымдардан құралуы тиіс. Либералды көзқарастағы зерттеушілер сыртқы саясаттағы басымдық саяси әлде әскери бәсекелестікке емес, экономикалық бәсекелестікке негізделуі керектігіне сенімді. Либералдық көзқарас өкілдері демократиялық қоғамда ұлттық мүдде азаматтардың мүдделерінің жалпы жиынтығы негізінде құрылымдалуы тиіс екенін тұжырымдайды, мемлекет мүдделерін азаматтардың мүдделерінен үстін санау авторитарлы қоғамдардың белгісі болып табылады деп біледі.

Дегенмен, посткеңестік елдердің өтпелі кезеңде екенін ескере отырып либералдар қауымы ұлттық мүдде мәселелері қазірше кейінгі орынғы шыға тұратынын, өйткені ол азаматтық қоғамды қалыптастыруға және демократиялық өзгерістерді орнықтыруға қызмет етіп септесуі керек екеніне келіседі.

Көпұлтты, полиэтносты қоғамдарға қатысты «ұлттық мүдде» ұғымын қолданудың орындылығы мен ерекшеліктеріне байланысты да көзқарастар бірізді емес екенін айта кету керек. Кейбір зерттеушілер мұндай жағдайда «ұлттық мүдде» ұғымынан гөрі «мемлекеттік мүдде» ұғымы орынды болатынын, өйткені мемлекеттік мүдде ұғымы ұлттық мүддені де қамтитынын айтқан. Енді бір зерттеушілер «ұлт» ұғымын саяси мәнде қабылдап, оның этносқа қатысты мәнінен қол үзгенде ғана көпұлтты қоғамдарда «ұлттық мүдде» концептін қолдануға болатынын алға тартады. Мұндай жағдайда «ұлт» дегеніміз «белгілі егеменді кеңістікте орналасқан мемлекет пен ондағы азаматтық қоғамның өзара үндесуі, келісімді өмір сүру әрекеттері» ретінде көрініс табады. Осы қалып бойынша қарағанда мемлекет ұлттық мүдделерді жүзеге асырудың негізгі тетігі, басты құралы ролін атқарады. Э.А.Поздняков пікіріне орай, «мемлекет пен қоғамның мүдделері сәйкескенде ұлттық мүдде туындайды». Халықтың мәдени табиғаты мен рухани құндылықтары негізінде ұлттық және мемлекеттік мүдделердің сәйкесуі азаматтардың жеке мүдделері мен мемлекеттің жалпы мүдделерінің өзара үйлем табуы арқасында бірігіп, ішкі өлшемдермен қарағанда мемлекет пен қоғамның қауіпсіздігі және тұрақтылығы осы ортақтық деңгейі мен сапасына байланысты қалыптасады.

### **Қорытынды**

Саралай келгенде, түрлі пікірлер мен көзқарастар болғанына қарамастан, ұлттық мүдде категориясы мемлекеттік саясаттың негізі болып табылады және мемлекет саясатындағы басты бағыттар мен бағдарларды, мемлекеттің әлеуетін арттыру жолындағы қимыл-әрекеттерді, әскери доктриналар мен саяси жүйедегі құрылымдардың мемлекет пен қоғамның игілігі үшін қызмет етулерінің барысын түсінудегі әдістемелік маңызды ұғым болып саналады. Ұлттық мүдде ұғымы өзінің қамту көлемі жағынан саяси тәжірибеде қолданысқа алынатын «мемлекеттік мүдде», «өмірлік маңызды мүдде» ұғымдарынан ауқымды. Кей кездері түрлі түсінулерге ұшырап жататынына қарамастан, ұлттық мүдде - тұтас мемлекеттің немесе елдің бәрін білдіріп тұратын ассоциациялығы кең категория және әрбір мемлекет ұлттық стратегиясын қалыптастыратын кезде ұлттық қауіпсіздік пен әл-ауқатты қамтамасыз ету шарттылығы ең алдымен ұлттық мүдделерді жүзеге асырумен байланысты екенін барынша ескереді.

Жоғарыда келтірілген жағдайларды зерделей келе жинақтап ой қорытқанда айтарымыз, ұлттық мүдде туралы шешімдер тек қана ғылыми тұжырымдамалар арқылы қалыптасумен шектелмеді, шынайы өмір қалпында орын алатын мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатындағы, халықаралық аренадағы қатынастар барысындағы өзгерістер мен жағдаяттар да ұлттық мүдделердің өзгерістерді қабылдауына ықпал етуі әбден мүмкін екенін

байқатады. Ұлттық мүдде жайлы қабылданатын шешімдер шынайы өмір жағдайындағы амбициялардың, мотивациялардың, қажеттіліктердің, талаптардың, критерийлердің және факторлардың өзара тартысы мен тоғысуының нәтижесі болып табылады. Осылай дей келе, ұлттық мүдделердің мынадай басты белгілерін бөліп көрсетуге болады:

- ұлттық мүдделер белгілі бір қоғамның қажеттіліктерінің көрінісі болып табылады;

- ұлттық мемлекет құрылған жағдайда ғана шын мәніндегі «ұлттық мүдделер» санаты туралы айтуға болады;

- ұлттық мүдделер мемлекеттің сыртқы саясатының құрылымының негізі болып саналады;

- ұлттық мүдделер белгілі бір аумақта өмір сүретін халықтың жалпы жиынтық ұмтылыстары мен мүдделерін білдіреді;

- ұлттық мүдделер концептінде жекелеген адамдардың сан алуан қызығушылықтары мен талаптарын түгелдей ескере беру мүмкін емес, оның орнына солардың жиынтықталған және жалпымемлекеттік маңызға ие болған бөліктері ескеріледі;

- ұлттық мүдде концептілерінің құрылымдалуына объективті жағдайлар да (мемлекеттің геосаяси орналасуы, әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі, т.с.с.), субъективті жағдайлар да (мемлекеттің ұлттық мүдделері туралы шешімдерді қабылдайтын тұлғалардың дүниетанымы, қоғамда кең таралған және қалыптасқан құндылық жүйелері, т.с.с.) өз ықпалын жасайды;

- қоғамда айтулы өзгерістер орын алған жағдайларда кейбір бөліктері мен бағыттары белгілі деңгейде өзгеріске ұшырайтыны болмаса, жалпы алғанда ұлттық мүдделер ұзақ уақыт мерзімінде тұрақты сақталады;

- ұлттық мүдделерді құрылымдау барысында мақсаттар мен міндеттерді айқындауда мемлекеттер халықаралық ортақ мүдделерді де (қоршаған ортаны қорғау, адам құқықтарын сақтау, тұрақты дамуды қамтамасыз ету, т.с.с.) мүмкіндігі барынша қамтып өтуге әрекет етулері ұлттық мүдделердің ұзақмерзімді және әмбебап қабылданымды және қолданылымды болуын арттырады.

## ӘДЕБИЕТ

[1] Morgenthau Hans J. Politics Among Nations. The Struggle for Power and Peace. – New York: Knopf, 1955. – 68 p.

[2] Вебер М. Избранные произведения. Западно-европейская социология XIX – начала XX веков. – Москва.: Междунар.ун-т бизнеса и упр.,1996. – 458 с.

[3] Frankel Joseph. International Relations in a Changing World. – Oxford, 1979. – 218 p.

[4] Beard, Charles Austin, G. H. Smith. The Idea of National Interest: An Analytical Study in American Foreign Policy. – New York, 1934. – 583 p.

[5] Burchill S. The National Interest in International Relations Theory. – Palgrave Macmillan, 2005. <https://download.e-bookshelf.de/download/0000/3998/80/L-G-0000399880-0013378138.pdf> 10.05.2023

[6] Трухачев В.В. Национальные интересы: теоретический дискурс проблемы // Вестник РУДН. – 2010. – № 1. – 53-65.

[7] Aron R. Paix et Guerret entre les nations. – Paris: Calmann-Levy, 1984. – 251 p.

- [8] Duroselle J.-B. Tout empire périra. Une vision théorique des relations internationales. – Paris, Armand Colin, 1992. – 345 p.
- [9] Сорокин К.Э. Государственные интересы как обобщение национальных // Полис. – 1995. – №1. – С.116-121.
- [10] Поздняков Э.А. Нация, национализм, национальные интересы. – М. Прогресс-Культура, 1994. – 128 с.
- [11] Титенко Ю.В. Соотношение понятий «национальный интерес», «государственный интерес» // Вестник Чеченского государственного университета. – 2019. – № 2 (34). – С. 127-134.
- [12] Молчанов М.А. Дискуссионные проблемы понятия «национальный интерес» // Полис7 – 2000. – № 1. – С. 7-22.

## REFERENCES

- [1] Morgenthau Hans J. Politics Among Nations. The Struggle for Power and Peace. New York: Knopf, 1955, 68 p.
- [2] Veber M. Izbrannyye proizedeniya [Selected Works]. M.: Progress, 1990, 808 p. [in Russ.].
- [3] Frankel Joseph. International Relations in a Changing World. Oxford, 1979, 218 p.
- [4] Beard, Charles Austin, G. H. Smith. The Idea of National Interest: An Analytical Study in American Foreign Policy. New York, 1934, 583p.
- [5] Burchill S. The National Interest in International Relations Theory. Palgrave Macmillan, 2005. <https://download.e-bookshelf.de/download/0000/3998/80/L-G-0000399880-0013378138.pdf> 10.05.2023
- [6] Truhachyov V.V. Nacional'nye interesy: teoreticheskij diskurs problemy [National Interests: Theoretical Discourse of the Problem]./ Vestnik RUDN, 2010, No 1, P.53-65 [in Russ.].
- [7] Aron R. Paix et Guerret entre les nations. Paris: Calmann-Levy, 1984, 251p.
- [8] Duroselle J.-B. Tout empire périra. Une vision théorique des relations internationales. Paris, Armand Colin, 1992, 345 p.
- [9] Sorokin K.E. Gosudarstvennyye interesy kak obobshchenie nacional'nyh [State interests as a generalization of national], Polis, 1995, No 1, P.116-121 [in Russ.].
- [10] Pozdnyakov EA. Naciya, nacionalizm, nacional'nye interesy [Nation, nationalism, national interests], M. Progress-Kul'tura, 1994, 128 p [in Russ.].
- [11] Titenko YU.V. Sootnosheniye ponyatiy «nacional'nyj interes», «gosudarstvennyj interes» [The relationship between the concepts of "national interest" and "state interest"], Vestnik chechenskogo gosudarstvennogo universiteta, 2019, No 2 (34), P. 127-134 [in Russ.].
- [12] Molchanov M.A. Diskussionnyye problemy ponyatiya «nacional'nyj interes» [Controversial issues of the concept of "national interest"], Polis, 2000, No 1, P. 7-22 [in Russ.].

## НАЦИОНАЛЬНЫЙ ИНТЕРЕС И ЕГО ТЕОРЕТИКО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

\* Абдуразов Б.Б.<sup>1</sup>, Муминов Н.А.<sup>2</sup>, Арынбаева Д.Ж.<sup>3</sup>, Турекулова Ж.Е.<sup>4</sup>

<sup>\*1</sup> Южно-Казахстанский университет им. М. Ауезова, Шымкент, Казахстан

<sup>2</sup> Казахский Национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

<sup>3</sup> Южно-Казахстанский педагогический университет им. О. Жанибекова, Шымкент, Казахстан

<sup>4</sup> Южно-Казахстанский университет им. М. Ауезова, Шымкент, Казахстан

**Аннотация.** В данной статье исследуются теоретико-методологические аспекты процесса возникновения и формирования национальных интересов. Национальные интересы определяются как долгосрочные стратегические цели и действия государств, направленные на их реализацию. Цель статьи - объяснить, как возникают, формируются и развиваются национальные интересы. Для достижения этой цели автор анализирует определение национальных интересов, их значение и виды; определяет факторы, влияющие на формирование; рассматривает основные теоретические и методологические подходы; изучает механизмы реализации национальных интересов и анализирует тенденции их развития. Методы исследования включают теоретический анализ, сравнительный анализ, экспертную оценку и исторический метод. Выдвинутые в статье гипотезы свидетельствуют о том, что национальные интересы зависят от взаимодействия объективных и субъективных факторов, экономических, политических и социальных условий государства. Реализация и развитие национальных интересов определяются стратегическими планами внутренней и внешней политики государства. Развитие и изменение национальных интересов - динамичный процесс, обусловленный глобальными и региональными политическими условиями. В статье обсуждаются трудности в развитии национальных интересов и возможные пути их решения. Результаты исследования служат основой для определения национальных интересов и выработки практических рекомендаций по их реализации.

**Ключевые слова:** национальный интерес, государство, международные отношения, политический реализм, теоретические подходы, методы исследования, внешняя политика, глобальные условия

## **NATIONAL INTEREST AND ITS THEORETICAL AND METHODOLOGICAL ANALYSIS**

\* Abdurazov B. <sup>1</sup>, Muminov N. <sup>2</sup>, Arynbaeva D.<sup>3</sup>, Turekulova Zh<sup>4</sup>

<sup>\*1</sup> Auezov University, Shymkent, Kazakhstan

<sup>2</sup> Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

<sup>3</sup> South Kazakhstan Pedagogical University named after O. Zhanibekov,  
Shymkent, Kazakhstan

<sup>4</sup> Auezov University, Shymkent, Kazakhstan

**Abstract:** This article examines the theoretical and methodological aspects of the emergence and formation of national interests. National interests are defined as the long-term strategic goals of states and the actions aimed at achieving them. The purpose of the article is to explain how national interests arise, form, and develop. To achieve this goal, the author analyzes the definition, importance, and types of national interests; identifies the factors influencing their formation; considers the main theoretical and methodological approaches; studies the mechanisms for implementing national interests; and analyzes their development trends. The research methods include theoretical analysis, comparative analysis, expert evaluation, and the historical method. The hypotheses presented in the article show that national interests depend on the interaction of objective and subjective factors and on the economic, political, and social conditions of the state. The implementation and development of national interests are determined by the strategic plans in the state's domestic and foreign policy. The development and changes in national interests are a dynamic process dependent on global and regional political situations. This study aims to comprehensively understand the process of forming national interests and to identify effective methods for their implementation. Additionally, the article discusses the challenges in the development of national interests and possible ways to address them. The research results form the basis for practical recommendations in defining and implementing national interests.

**Key words:** national interest, state, international relations, political realism, theoretical approaches, research methods, foreign policy, global conditions

**Автор туралы мәлімет**

Абдуразов Б.Б. – магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан, e-mail: [abdurazov\\_b@mail.ru](mailto:abdurazov_b@mail.ru)

Муминов Н.А. – PhD, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: [n.muminoff@gmail.com](mailto:n.muminoff@gmail.com)

Арынбаева Д.Ж. – оқытушы, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан, e-mail: [dildaqul.aryn@mail.ru](mailto:dildaqul.aryn@mail.ru)

Турекулова Ж.Е. - PhD, доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан, e-mail: [turekulova74@mail.ru](mailto:turekulova74@mail.ru)

**Сведения об авторах:**

Абдуразов Б.Б. – магистрант, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауезова, Шымкент, Казахстан, e-mail: [abdurazov\\_b@mail.ru](mailto:abdurazov_b@mail.ru)

Муминов Н.А. - PhD, Казахский Национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: [n.muminoff@gmail.com](mailto:n.muminoff@gmail.com)

Арынбаева Д.Ж. – преподаватель, Южно-Казахстанский педагогический университет им. О. Жанибекова, Шымкент, Казахстан, e-mail: [dildaqul.aryn@mail.ru](mailto:dildaqul.aryn@mail.ru)

Турекулова Ж.Е. - PhD, доцент, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауезова, Шымкент, Казахстан, e-mail: [turekulova74@mail.ru](mailto:turekulova74@mail.ru)

**Information about authors:**

Abdurazov B. - master student, Auezov University, Shymkent, Kazakhstan, e-mail: [abdurazov\\_b@mail.ru](mailto:abdurazov_b@mail.ru)

Muminov N. – PhD, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: [n.muminoff@gmail.com](mailto:n.muminoff@gmail.com)

Arynbayeva D. - O. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan, e-mail: [dildaqul.aryn@mail.ru](mailto:dildaqul.aryn@mail.ru)

Turekulova Zh. - PhD, Auezov University, Shymkent, Kazakhstan, e-mail: [turekulova74@mail.ru](mailto:turekulova74@mail.ru)

Мақала түсті: 31 қазан 2024